



ҚР-214

Жұманов Амангелді
тақырып: Инвестиция







Инвестиция (латынша investire – киіндіру) – табыс алу, меншікті капиталын молайту, елдің материалдық байлығы мен материалдық емес сипаттағы қоғамдық құндылықтарын еселей түсу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер салатын инвестициялық қаражат.




ТМД елдерінің арасында Қазақстан экономикаға тартылған шетелдік инвестицияның көлемі бойынша көш бастап келеді. Күрделі құрылысқа салынған инвестицияның жалпы көлеміндегі шетелдік инвестицияның үлесі 1995 ж. 1,5%-дан 2000 ж. 38,6%-ға артты. 2000 ж. 2751 млн. долл. шет ел қаражаты тартылды, мұның өзі 1999 жылғымен салыстырғанда 48,6% жоғары. Тек 1993 – 99 ж. тартылған тікелей шетелдік инвестицияның көлемі 9700 млн. долл. болды, бұл ретте оның жалпы көлемінің 54,4%-ы мұнай-газ секторына, 20,1%-ы түсті металлургияға, 3,8%-ы қара металлургияға, 3,7%-ы энергет. кешенге, 3,4%-ы тамақ өнеркәсібіне салынды. Осы кезеңде тартылған тікелей шетелдік инвестицияның ең көп көлемі АҚШ-тың үлесіне тиеді – жалпы көлемінің 33%-ы, Оңтүстік Кореяның үлесі – 15,4%, Ұлыбританияның үлесі – 12,5%, Түркияның үлесі – 4,9%, Қытайдың үлесі – 4,7%. Қазақстан шет ел капиталын несие мен қарыз нысанында да тартты. Қазақстанға Австрияның, АҚШ-тың, Қытайдың, Түркияның, Еуропалық Одақтың және басқа елдердің несие желілері ашылды, осы желілердің шеңберінде 90-нан астам келісімге қол қойылды.

Structure of direct foreign investments by countries





Инвестиция дегеніміз қаражатты ұзақ мерзімге әр саладағы кәсіпорындарға, кәсіпкерлік жобаларға, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларға немесе инновациялық жобаларға құю. Инвестициялар құйылған сәттен бастап ұзақ уақыт өткеннен кейін пайда келтіреді.



Инвестор – бұл өзіндік немесе несиеге алынған немесе басқа жақтан тартылған қаражатты инвестициялық жобаларға құятын заңды немесе жеке тұлға. Инвестор тәуекелдердің аз болуын қалайды. Олар стратегиялық немесе портфельдік инвестор болып бөлінеді.

Инвестициялар төмендегі мақсаттарды шешуге көмектеседі :

Қаржы және материалдық қорларды жинақтау арқылы өз кәсіпкерлік іс-әрекетін кеңейту ;
Жаңа кәсіпорындарды сатып алу ;
Бизнесті жаңа салаларды меңгеру арқылы түрлендіру (диверсификация) .

Барлық инвестицияларды екі негізгі топқа бөлуге болады :

Портфельді инвестициялар – қаржыны жобалар тобына құю, мысалы әр түрлі кәсіпорындардың акцияларын сатып алу
Нақты инвестициялар – қаржы қаражатты нақты, әдетте ұзақ мерзімді және нақты активтерді сатып алуға тиісті жобаға құю

Инвестициялардың негізгі түрлері :

Шетелдік
Мемлекеттік
Жеке
Өндірістік
Интеллектуалды
Бақылайтын
Бақыламайтын

Әрекет ету жағынан қарастырғанда инвестициялар мына түрлерге бөлінеді :

Алғашқы инвестиция
Кеңейтуге бағытталған инвестициялар
Реинвестициялар – кәсіпорынның бос қаражатын жаңа құралдарды сатып алуға бағыттау
Негізгі фондыларды алмастыруға арналған инвестициялар
Диверсификацияға бағытталатын инвестициялар

Қазіргі экономикада инвестиция термині көп қолданылады және ол өте маңызды қызмет атқарады. Сонымен инвестиция дегеніміз белгілі бір дүниеге табыс табу мақсатымен ақша салу. Мысалы: сізге бір жобаны ұсынады, сізге де ол жоба ұнады яғни сіз жобаны жүзеге асыру үшін жоба иесіне ақша бересіз бұл инвестиция деп аталады. Ескерту көпшілік инвестиция мен қарызды шатастырып жатады. Бұл екеуі екі түрлі дүние қарызды белгілі бір мерзімге және қанша қылып қайтарылатыны алдын ала белгілі болады. Инвестиция да бәрі керісінше сіз салған ақшаңыздың қашан және қанша болып қайтарылатыны белгісіз болып қалады. Егер сіз ақша салған жоба құрдымға кететін болса онда сіз ақшаңызды қайтара алмайсыз. Ал ақшаны қырызға берген болсаңыз заңды түрде бәрін қайтарып ала аласыз. Бұл жерде әрине қарыз беру тиімді болып көрінеді бірақ, инвестиция салу тиімді. Енді сұрақ неге?

Егер сіз ақшаны қарызға берген болсаңыз онда алдын ала келіскендей 10 немесе 20 пайыз көбейтіп қайтара аласыз, ал инвестицияда айтып өткеніміздей қанша болып қайтатыны белгісіз. Мысалы: сіз 2004 жылы facebook әлеуметтік желісі ашылған кезде оған 1000\$ инвестиция салған болсаңыз ол қазір 200 миллион \$ блып қайтар еді. Ал ол ақшаны қарызға берсеңіз әрі кетсе 20-30 пайзға ғана көбейеді. Әлемдегі ең бай адамдардың көбісі инвесторлар, қарыз берушілер емес.

Инвестиция деген не

Инвестиция дегеніміз пайда алу мақсатында жұмсалған капитал (қаржы, ақша).

Мысалы Қазақстан Республикасының өкіметі 2015 жылы өңірлердегі талай зауыттарды салуға жүздеген миллиард тенге жұмсады. Бұл қаржы инвестиция бола ала ма? Бола алады, өйткені бұл зауыттар салынғаннан кейін пайда әкеледі де жұмсалған қаржы бірнеше рет қайтарылады.

Инвестициялар екі түрге бөлінеді — сыртқы (шетелдік) және ішкі (отандық).

Шетелдік инвестицияларды сырттан мемлекетке, ал ішкі инвестициялар мемлекеттің ішкі компаниялары мен жеке инвесторлары құяды.

«Назар аударғандарыңыз үшін ҮЛКЕН рақмет!!!»